

Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Музыка аспаптары: Сазсырнай

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:**

- ішекті аспаптан басқа үрмелі аспаптар болатының еске түсіреді;
- үш тілде ерекшелікті, ұқсастықты түсінеді;
- ішекті аспаптар мен үрмелі аспапты ерекшелігін ажыратады;
- өткен аспаптардан сазсырнайдың (>, <) деген белгілермен белгілейді;
- сазсырнайда салынған оюдың қалай таңдалғанын болжап, тапсырманы орындайды;
- бағалайды, салыстырады.

**Пәнаралық байланыс:**

танымдық (*жаратылыстану, математика*)  
шығармашылық (*музыка*)  
коммуникациялық (*сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер*)  
әлеумет (*қоршаған ортамен таныстыру*)


**Білім алушы игеретін білік-дағды:**

- музыкалық аспаптар түрлерін ажырату білігі қалыптасады;
- тілдердегі сөздер ұқсастылығын, ерекшелігін түсіну білігін меңгереді;
- салыстыра алу дағдысын игереді;
- үлкен, кіші ұғымдарын пайдалана алады;
- сурет туралы ой қорыта алады, тапсырманы орындау дағдысын меңгереді;
- бағалау біліктілігін машықтандырады.

**ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ<sup>1</sup>:**

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)
2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)
3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)

**1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)**



<sup>1</sup> Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

**Топқа сұрақ:**

Дидактикалық ойын «Бұл не?» (суретпен жұмыс)



Сазсырнай алдыңғы музыкалық аспаптарға неге ұқсамайды?  
(коммуникациялық дағды қалыптасады)

**МУЗЫКА АСПАПТАР – САЗСЫРНАЙ**  
(кітапшамен жұмыс)

1. Полилингвалдық компонент: үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру)



2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған аспап атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз, дыбыстық талдау жасаймыз (танымдық дағды).  
3. Ең басты ерекшеліктері неде? Домбыра ішекті. Сазсырнай үрмелі.

Өздік жұмыс



4. Домбыра, кобыз, жетіген аспаптарымен сазсырнайды салыстыр (>, <) деген белгі қой.

5. Сазсырнайдағы оюды қалай тандалғандығын ойла. Қошқар мүйіз тесіктері сазсырнай тесіктеріне сай келтірілген.



6. Салыстыру.



*Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.*